

Банктерге (банк қызметіне) аудиторлық тексеру жүргізуге өкілетті аудиторлардың жасаған қорытындысына қойылатын негізгі талаптар және аудиторлардың жасаған қорытындысының түрлері туралы ереже жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 346. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 433. Күшін жойды - ҚР Ұлттық банкі басқармасының 1999 жылғы 18 маусымдағы N 129 қаулысымен. ~V990855

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Z952444-Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы
қ а у л ы е т е д і :

1. Банктерге (банк қызметіне) аудиторлық тексеру жүргізуге өкілетті

аудиторлардың жасаған қорытындысына қойылатын негізгі талаптар және аудиторлардың жасаған қорытындысының түрлері туралы ереже бекітілсін және 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктік қадағалау департаменті (Б.Қ. Жауғаштина) осы Қаулыны және жоғарыда аталған Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық Бас) басқармаларына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Ф.Сәйденовке жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Үлттық Банкі Басқармасының
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 346 Қаулысымен
Бекітілген
N 436

Банктерге (банк қызметіне) аудиторлық тексеру жүргізуге өкілетті аудиторлардың жасаған қорытындысына қойылатын

негізгі талаптар және аудиторлардың жасаған қорытындысының түрлері туралы ереже

Осы Ереже аудиторлық қызмет мәселелерін реттейтін қолданылып жүрген банк заңдары мен заң актілеріне сәйкес жасалды, банктеге (банк қызметіне) аудиторлық тексеру жүргізуге уәкілдік берілген аудиторлардың жасаған қорытындысына қойылатын негізгі талаптар мен аудиторлардың жасаған қорытындыларының шартты түрлерін белгілейді.

I. Жалпы ережелер

1.1. Банктеге (банк қызметіне) белгіленген тәртіппен тексеру жүргізуге уәкілдік берілген аудиторлар өздері жүргізген аудиторлық тексеріс нәтижесі бойынша қолданылып жүрген заңдар мен осы Ереженің талаптарына сәйкес қорытынды (бұдан әрі - аudit нәтижесі туралы есеп) жасайды.

1.2. Банкті аудиторлық тексеруді банкпен келісімде (шартта), сондай-ақ анықталған шарттарда, мерзімде және көлемде өкілетті аудитор жүргізеді.

1.3. Банк қызметіне аудиторлық тексеру жүргізудің жалпы шарттары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасында 1996 жылғы 29.02. N 49 қаулысымен бекітілген Банк қызметіне аудиторлық тексеру жүргізу құқына лицензия беру, күшін жою және уәкілдік берілген аудиторларға қойылатын талаптар туралы Ережеде қарастырылған.

II. Уәкілдік берілген аудиторлардың жасайтын қорытындысының түрлері. Қорытынды жасаудан бастарту

2.1. Банк қызметін тексеру кезеңіндегі қамтылған мәселелердің көлеміне, зерттелуге жататын мәселелердің күрделілігіне, оның қаржылық жағдайын түйіндеудің сипатына және уәкілдік берілген аудиторлардың қорытындысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша айтылған ұсыныстарға қарай осы Ережені басшылыққа алу мақсатында мынадай түрлерге бөлінеді:

а) шартсыз;

б) шартты;

в) теріс;

г) қанағаттанғысыз.

2.2. Егер аудиторда ол жүргізген тексеру аяқталған соң банктің қаржылық

жағдайы, есеп жүргізу тәртібі және басқа мәселелер жөнінде ескертулер болмаса, қорытынды шартсыз деп есептеледі.

2.3. Егер аудитте банк қызметіндегі белгілі бір кемшіліктері көрсетіліп, солар арқылы банктің жасаған қаржылық есебін, есеп жұмысының жасалуын және осы Ереженің 3.2. тармақтарында көрсетілген басқа жағдайлардың сақталуын анықтау мүмкін болса, тұластай алғанда қорытынды белгіленген тәртіпке сай шартты деп есептеледі.

2.4. Егер банктің қаржылық есебі аудиторда банктің және/немесе есепті (есептемені) ұйымдастырудың нақты қаржылық жағдайы туралы қажетті тұжырым жасауға мүмкіндік бермейтіндей сапасыз немесе толық жасалмаса, қорытынды теріс деп есептеледі.

2.5. Егер аудитор тұпкілікті тұжырым жасай алмаса немесе өз көзқарасын құжат түрінде негіздей алмаса, қорытынды (аудит нәтижесі):

- аудит жүргізу шарттарының өзгеруіне қарай, оның ішінде объективті себептерге байланысты аудиторлық тексерістің тоқтатылуы немесе тоқтатылата үрү :

- банк басшылығымен аудит өткізуің көлемі немесе оны аяқтауға кедергі келтіретін басқа маңызды мәселелер бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда қанағаттанғысыз деп есептеледі.

2.6. Уәкілдік берілген аудитор қорытынды беруден және/немесе аудит нәтижесі туралы есеп жасаудан бас тартқан жағдайда, олар осы мәселе бойынша жазбаша негіздеме берулері керек.

2.7. Аудиторлық тексеру жүргізу барысында банктің басшылары немесе қызметкерлері, сондай-ақ тексеріліп жатқан қатысы бар басқа тұлғалардың тарапынан қызмет бабын теріс пайдалану не басқа елеулі түрдегі тәртіп бұзыны анықтаған кезде аудитор (аудиторлық ұйым) банкке нұсқау берумен қатар қолданылып жүрген зандарда көзделген өзге де қажетті шараларды қолдануға міндетті .

III. Аудит нәтижесі туралы есепте және оған қоса берілетін құжаттарда міндетті түрде көрсетілуі тиіс мәселелердің тізбесі

3.1. Банк қызметіне аудиторлық тексеру жүргізу туралы уәкілдік берілген аудитор мен банк арасындағы шартпен қатар басқа шарттарда мыналар туралы мәліметтер болуы тиіс:

- шарт мәні, аудиторлық тексеруге жатқызылатын мәселелердің тізбесін қоса;

- аудиторлық тексеру жүргізуін және аудиторлық қорытынды жасаудың

M e p z i m i

м е н о р н ы ;

- жақтардың міндеттемелері;

- төлемнің тәртібі мен шарты;

- осы Ережеде көзделген талаптарды ескере отырып, жақтардың аудиторлық қорытынды мәліметтерін пайдаланудың құпиялышы;

- жақтардың, оның ішінде банк басшылығының берілген құжаттар мен басқа ақпараттардың дұрыстығы үшін жауапкершілігі;

- дауларды шешү тәртібі;

- уәкілдік берілген аудитордың жүргізіліп жатқан тексеруге байланысты сұраған барлық жазбаларды, құжаттарды және кез-келген басқа ақпараттарды еркін алуын банк басшылығының қамтамасыз етуі.

3.2. Аудит нәтижелері туралы есепте мынадай мәселелер міндетті түрде көрсетілуі қажет:

- банктің ішкі аудит тиімділігінің бағасы;

- жүргізілген банк операцияларының есеп пен есептеме дер мезгілінде, толық және дәл көрсетілуінің бағасы;

- банк жүргізілген банк операцияларының қолданылып жүрген заң талаптарына сай келуінің бағасы;

- банк жүргізген банк операцияларының оны жүргізуудің жалпы шарттарына, сондай-ақ банк операцияларын жүргізу тәртібінің банктің ішкі тәртібіне сай келуінің баясы;

- пруденциалдық нормативтердің есебі үшін банк берген мәліметтердің дұрыстығы;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасының 1995 жылғы 20.07. N 76 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында несие портфелін жіктеу және кредит қызметінен болуы ықтимал шығындарды жабу үшін қажетті резервтер (провизиялар) туралы Ереженің талаптарына сәйкес (банктің 70%-тен аса несие портфелін талдауды міндettі түрде қамти отырып) несие портфелінің жіктеудің дұрыстығы;

- осы банктің бухгалтерлік есебінің халықаралық стандартты, капиталының тере-тендігі, өтімділікті менгеруі, активтер мен пассивтерді менгеру жетістіктері саласындағы **банк менеджментінің саясаты**;

- Ұлттық Банк бекіткен жобада мазмұндалған банк қызметін қайта капиталдандыру және жақсарту шараларын орындау;

- банктің жарғылық қорының дер кезінде әрі толық қалыптасуын тексеру, есеп айырысуды, салық заңдарының талаптарын сақтай отырып, валюталық операцияларды және бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыру, банктің кірісін, шығысын және пайдалысын талдау.

3.3. Аудит нәтижелері туралы есепке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

- а) банк пен уәкілдік берілген аудитор куәландырған қаржылық есептердің көшірмелері;
- б) өткізілген тексерістің жекелеген мәселелері жөнінде банктің анықтамасы немесе оның лауазымды адамдарының түсіндірме жазбасы;
- в) банк қызметіндегі анықталған кемшіліктерді жою жөнінде уәкілдік берілген аудитордың кеңесі;
- г) қажеттігіне қарай және басқа да материалдар.

IV. Қорытынды ереже

4.1. Банк басшылығы мен уәкілдік берілген аудитор қол қойып және куәландырған аудит нәтижесі туралы есептің көшірмесі барлық қосымша құжаттармен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне оған екі жақ та қол қойған соң, не банктегі аудиторлық тексеріс аяқталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей 2 апта мерзім ішінде беріледі.

4.2. Банк қызметіне аудиторлық тексеру жүргізгендігі жақтардың жауапкершілігінің шарттары мен негіздері қолданылып жүрген зандармен анықталады.

Ұлттық Банк
Төрағасы